**СИЛЛАБУС**
**2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі**
**6В04205 – «Құқықтану», 6В04202 - «Мемлекеттік қызмет»**
**білім беру бағдарламалары**
**3 курс, бірінші жоғары білімі**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредиттердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| **39608 Әкімшілік жауаптылық** | 4 | 1.7 | 3.3 | 0 | 5 | 6 |

## ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платфомасы |
|---|---|---|---|---|
| Оффлайн | БП,ТК | Теориялық, проблемалық, аналитикалық | Пікірталас, жағдаяттық тапсырма, логикалық тапсырма | Тест<br>«Универ» жүйесі |

| | |
|---|---|
| Дәріскер (лер) | Кегембаева Жанар Аманжановна |
| e-mail: | kegembayevazh@outlook.com |
| Телефоны: | +77073904673 |
| Ассистент (тер) | з.ғ.м. Оңдашұлы Ернұр |
| e-mail: | ernuron@mail.ru |
| Телефоны: | +7 7023084588 |
| Ассистент (тер) | з.ғ.м. Қанат Алихан |
| e-mail: | kan.alikhan@gmail.com |
| Телефоны: | +7 (702) 314 2222 |
| Ассистент (тер) | з.ғ.м. Абдыкадыр Ұлан Бегалыұлы |
| e-mail: | Ylan9494@gmail.com |
| Телефоны: | +77781999995 |

## ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| Пәннің мақсаты: әкімшілік жауапкершілік туралы заңнаманың нормаларымен жұмыс істеу қабілетін, оларды түсіндіру және қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Оқытылатын болады: әкімшілік жауапкершілік туралы заңнаманың тұжырымдамалық-категориялық аппаратының; мемлекеттік мәжбүрлеу түрі және құқықтық жауапкершілік түрі ретіндегі әкімшілік | 1. Әкімшілік жауаптылық ұғымын, құқықтық табиғатын және басқа заңдық жауапкершілік түрлерінен айырмашылығын қарастыру | 1.1 Әкімшілік жауаптылықтың құқықтық мәнін, мазмұнын және белгілерін талдайды |
| | | 1.2 Әкімшілік жауаптылық пен өзге де құқықтық жауаптылық түрлерінің айырмашылықтарын көрсетеді |
| | | 1.3 Әкімшілік жауаптылықтың құқық жүйесіндегі орнын бағалайды |
| | 2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мәні мен түрлерін, қоғамдық қауіптілік деңгейін талдау | 2.1 Әкімшілік құқық бұзушылық ұғымын, белгілерін сипаттайды |
| | | 2.2 Әкімшілік құқық бұзушылық құрамын және оның элементтерін жіктейді |
| | 3. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық туралы заңнаманы қолдану | 3.1 Әкімшілік жауаптылық туралы заңнаманың міндеттерін талдайды |
| | | 3.2 Әкімшілік-құқықтық реттеу қағидаттарын (заңдылық, кінәсіздік презумпциясы және т.б.) талдайды |

| | | |
|---|---|---|
| жауапкершіліктің теориялық негіздері зерделенетін болады. | | 3.3 Қағидаттардың әкімшілік іс жүргізудегі іске асырылу жолдарын көрсетеді |
| | 4. Әкімшілік жауаптылық субъектілерінің құқықтық мәртебесін түсіндіру | 4.1 Жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығын ажыратады |
| | | 4.2 Арнайы субъектілердің (лауазымды тұлғалар, кәмелетке толмағандар, әскери қызметшілер және т.б.) құқықтық мәртебесін сипаттайды |
| | | 4.3 Кәмелетке толмағандарға қатысты жауаптылық шектерін талдайды |
| | 5. Әкімшілік жазалауды қолдану мен орындаудың практикалық қырларын меңгеру | 5.1 Жазаны тағайындау ережелерін, негізділік пен заңдылық талаптарын түсіндіреді |
| | | 5.2 Жазалауды орындау, тоқтату және кейінге қалдыру тәртіптерін сипаттайды |
| | | 5.3 Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығының ерекшеліктерін түсіндіреді |
| **Пререквизиттер** | TGP1201 - Мемлекет және құқық теориясы, KPRK1203 - Конституциялық құқық, AP 2207 Әкімшілік құқық | |
| **Постреквизиттер** | PCh 3221 - Адам құқығы, PYT 102759Құқық шығармашылық және заң техникасы | |
| **Оқу ресурстары** | **Әдебиеттер:**<br>**Негізгі:**<br>1..Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы, 2014.<br>2.Исабеков А.Қ., Көшпенбетов Б.М. Әкімшілік жауаптылық. Оқу құралы. Алматы,Қазақ университеті,2014.<br>3. Таранов А.А. Административная ответственность в РК. Алматы: КазГЮУ, 2005.<br>4. Кунхожаева Г.Н. , Қ. Ұ. Жылқыбай Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы : оқу құралы; - Алматы : NURPRESS, 2013.<br>5. Жатқанбаева А.Е. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша ҚР-нын заңнамасы. А., 2003.<br>6. Григорьев В.И. , Қ. У. Тоқтабаева Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы (жалпы бөлім,ерекше бөлім) : оқу құралы ;- Астана : Фолиант, 2011.<br>7.Жетписбаев Б.А.,Исабеков А.Қ.,Рахметов Е.Ш. Производство по делам об административных правонарушениях в Республике Казахстана. Учебное пособие. Алматы,2013.<br>**Қосымша:**<br>1. Нурмашев У.У., Токтыбеков Т.А. Административное процессуальное право РК. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.<br>2. Жетписбаев Б.А. Административный процесс (производство по делам об административных правонарушениях). – Алматы: Жеті жарғы, 2014.<br>**Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы**<br>1. «Параграф» АЖ.<br>2. Кибер Ленинка.<br>3. Springer Nature.<br>4. Elsevier Scopus корпорациялары.<br>5. "Әділет" нормативтік құқықтық актілердің базасы<br>**Интернет-ресурстар**<br>1. http://elibrary.kaznu.kz/ru<br>2. ҚР Конституциясы 30.08.1995// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000<br>3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 05.07.2014 // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 | |
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, | |

студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail +77073904673, kegembayevazh@outlook.com немесе https://teams.live.com/l/invite/FEA6cCiEqf2TwIIlRAE MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

**MOOC интеграциясы (massive openlline course). MOOC**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **MOOC**-қа тіркелуі қажет. **MOOC** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **MOOC**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

## БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| **Баға** | **Баллдардың сандық баламасы** | **% мәндегі баллдар** | **Дәстүрлі жүйедегі баға** |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

| **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | 5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | Семинар сабақтарда жұмыс істеуі | 25 |
| C- | 1,67 | 60-64 | | Өзіндік жұмыс | 30 |
| D+ | 1,33 | 55-59 | | Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| D | 1,0 | 50-54 | | ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз | | |
| F | 0 | 0-24 | | | |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Аптасы | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1 Әкімшілік жауаптылықтың теориялық негіздері** | | |
| 1 | **Д 1.** Әкімшілік жауаптылық – құқықтық жауаптылықтың бір түрі ретінде | 1 | 0 |
| | **СС 1.** Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы мен құқықтық жүйедегі орны | 2 | 0 |
| | **ОСӨЖ 1**. Силлабуспен (интерактивті силлабуспен) жұмыс жасау бойынша кеңес беру | | 0 |
| 2 | **Д 2.** Әкімшілік құқық бұзушылық – әкімшілік жауаптылықтың негізі ретінде | 1 | 0 |
| | **СС 2.** Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымы мен құрамы | 2 | 0 |
| 3 | **Д 3.** Әкімшілік құқық бұзушылық және жауаптылық туралы заңнаманың міндеттері мен қағидаттары | 1 | 0 |
| | **СС 3.** Әкімшілік құқық бұзушылық және жауаптылық туралы заңнаманың міндеттері мен қағидаттарын талдау | 2 | 0 |
| | **ОСӨЖ 2**. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары» тақырыбындағы БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру | | |
| 4 | **Д 4.** Әкімшілік жауаптылық субъектілері | 1 | 0 |
| | **СС 4.** Әкімшілік жауаптылық субъектілерінің түрлері мен негізгі белгілері | 2 | 5 |
| | **СӨЖ 1.** «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары». Презентация | | 25 |
| 5 | **Д 5.** Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар | 1 | 5 |
| | **СС 5.** Әкімшілік жауаптылықты жоққа шығаратын мән-жайлардың сипаттамасы | 2 | 5 |
| | **МОДУЛЬ 2 Әкімшілік жазалар мен оларды қолдану ерекшеліктері** | | |
| 6 | **Д 6.** Әкімшілік жазалар жүйесі | 1 | 0 |
| | **СС 6.** Әкімшілік жазалардың құқықтық сипаттамасы | 2 | 10 |
| | **СӨЖ 2.** «Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар» бойынша кейс-есептерді шығару | | 25 |
| 7 | **Д 7** Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары | 1 | 0 |
| | **СС 7.** Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралардың түрлері | 2 | 10 |
| | **СӨЖ 2.** «Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар» бойынша кейс-есептерді шығару | | 25 |
| 8 | **Д 8.** Әкімшілік жаза қолдану | 1 | 5 |
| | **СС 8.** Әкімшілік жаза қолданудың жалпы қағидалары | 2 | 10 |
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| 9 | **Д 9.** Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату | 1 | 0 |
| | **СС 9.** Әкімшілік жауаптылықтан босату негіздері | 2 | 4 |
| | **ОСӨЖ 4. СӨЖ 3** орындау бойынша кеңестер. Тақырыбы: «Әкімшілік жазаны әділ қолдану» тақырыбында эссе. | | |
| 10 | **Д 10.** Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы | 1 | 0 |
| | **СС 10.** Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы: құқықтық негіздері және тәрбие ықпал ету шаралары | 2 | 4 |
| | **СӨЖ 3**. «Әкімшілік жазаны әділ қолдану» тақырыбында эссе. | | 25 |
| | **МОДУЛЬ 3 Әкімшілік бұзушылық бойынша іс жүргізу** | | |
| 11 | **Д 11.** Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар | 1 | 0 |
| | **СС 11.** Әкімшілік істерді қарауға уәкілетті органдардың құзыреті және іс жүргізудегі рөлі | 2 | 4 |
| 12 | **Д 12.** Әкімшілік іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың құқықтық мәртебесі | 1 | 5 |
| | **СС 12.** Әкімшілік іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері | 2 | 6 |
| 13 | **Д 13.** Әкімшілік іс бойынша дәлелдемелер және дәлелдеу процесі | 1 | 0 |
| | **СС 13.** Әкімшілік істер бойынша дәлелдемелер: ұғымы, түрлері және қолданылу тәртібі | 2 | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ОСӨЖ 5. СӨЖ 4** орындау бойынша кеңестер | | |
| 14 | **Д 14.** Әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары | 1 | 0 |
| | **СС 14.** Әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары және оларды қолдану тәртібі | 2 | 6 |
| | **СӨЖ 4** Тақырып 11-14 бойынша «Универ» жүйесінде тест | | 25 |
| **15** | **Д 15.** Әкімшілік жазаларды орындау тәртібі | 1 | 5 |
| | **СС 15.** Әкімшілік жазаларды орындау: құқықтық механизмдер және тәжірибелік аспектілер | 2 | 10 |
| | **ОСӨЖ 6.** Емтихан сұрақтары бойынша кеңес беру. | | |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100`** |
| **Пән үшін жиынтығы** | | | **100** |

Декан _______________ Ахатов У.А.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитет төрағасы _______________ Урисбаева А.А.

Кафедра меңгерушісі _______________ Усеинова Қ.Р.

Дәріскер _______________ Кегембаева Ж.А.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЛАРЫ**
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**
**«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары» тақырыбындағы СӨЖ 1 (презентация)**
**(АБ 100%-ның 25%)**

| Критерий | «Өте жақсы» 21-25 % | «Жақсы» 16-20% | «Қанағаттанарлық» 11-15% | «Қанағаттанарлықсыз» 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттарын түсінуі** | Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамадағы қағидаттарды терең және толық түсіндіреді. Қағидаттардың мазмұнын негізгі дереккөздерге орынды және дәлелді сілтемелермен негіздейді. | Заңнамадағы негізгі қағидаттарды түсіндіреді. Негізгі дереккөздерге тиісті сілтемелер беріледі. | Заңнамадағы қағидаттарды шектеулі түсіндіреді. Сілтемелер жеткіліксіз немесе толық емес. | Заңнамадағы қағидаттарды үстірт немесе қате түсіндіреді. Дереккөздерге сілтемелер жоқ немесе орынсыз. |
| **Қағидаттардың құқық қолдану тәжірибесіндегі мәнін ұғынуы** | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде). | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді. | Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану. | Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды. |
| **Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Әкімшілік жауаптылық туралы заңнаманы жетілдіру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | Әкімшілік жауаптылық туралы заңнаманы жетілдіру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады | Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар.Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. | Саясат пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы ұсынымдар. |
| **Презентациялау** | Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы. | Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы. | Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы. | Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы. |

**СӨЖ 2. «Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар» бойынша кейс-есептерді шығару (АБ 100%-ның 25%)**

| Критерий | «Өте жақсы» 21-25 % | «Жақсы» 16-20% | «Қанағаттанарлық» 11-15% | «Қанағаттанарлықсыз» 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі** | Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар теориялар мен тұжырымдамаларды ы шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар туралы теорияларды, тұжырымдамаларды ы үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді. |
| **Әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар институтының негізгі мәселелерін ұғынуы** | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде). | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді. | Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану. | Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды. |
| **Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Әкімшілік құқықты жетілдіру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | Әкімшілік құқықты жетілдіру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады | Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар.Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. | Саясат пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы ұсынымдар. |
| **Жазу, APA style** | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады. | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады. | Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар. | Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style ды ұстануда көптеген қателіктер бар. |

**СӨЖ 3 «Әкімшілік жазаны әділ қолдану» тақырыбында эссе.**
**(АБ 100%-ның 25%)**

| Критерий | «Өте жақсы» 21-25 % | «Жақсы» 16 -20% | «Қанағаттанарлық» 11-15% | «Қанағаттанарлықсыз» 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Әкімшілік жазаны әділ қолдану бойынша теориялық тұжырымдамаларды түсінуі** | Әкімшілік жазаны әділ қолдану туралы негізгі теориялық мәселелерді жан-жақты түсіндіру, әрбір қорытынды мен ереже үшін нақты дәлелдер келтіру. | Әкімшілік жазаны әділ қолдану туралы негізгі теориялық мәселелерді түсіну. Негізгі қорытындылар бойынша нақты дәлелдерді келтіру. | Әкімшілік жазаны әділ қолдану туралы негізгі теориялық мәселелерді шектеулі түсіну. Негізгі ойларды үстірт дәлелдеу, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзу. | Әкімшілік жазаны әділ қолдану туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды дәлелдер берілмейді. |
| **Әкімшілік жазаны әділ қолданудың өзекті мәселелерін ұғыну мен талқылау** | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу, нақты және логикалық негізделген мысалдарды келтіру | Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді. | Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану. | Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды. |
| **Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Әкімшілік жазаны әділ қолдануды жетілдіру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | Әкімшілік жазаны әділ қолдануды жетілдіру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады | Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар.Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. | Саясат пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы ұсынымдар. |
| **Жазу, APA style** | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады. | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады. | Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар. | Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style ды ұстануда көптеген қателіктер бар. |